

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

**Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылының
жылдық жұмыс есебі**

Ақтөбе 2023

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жұмысының есебі 2022-2023 оқу жылы

Мақсаты: әлеуметтік педогогтың жыл бойы атқарған қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және оқу жылының жоспарына енгізген ұсыныстар жасау.


Жұмыс объектісі – оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы:

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталды. Зерттеу барысында отбасы саны – 695, көп балалы отбасы балалары – 154/32, қолайсыз отбасы балалары – 2/1, қамқоршылық/қорғаншылық балалар – 3/3, аз қамтылған отбасы 109/56, толық отбасы балалары – 5935/664, толық емес отбасы 52/31, АӘК(АСП) алатын отбасы – 48/28, бауырлары бар балалар – 955, жанұяда жалғыз бала –32. Оқу жылының басын 978 оқушымен бастап, 979 оқушымен аяқтап отырмыз.

Әлеуметтік көрсеткіш:

уақыты қорыт/ы	2020/21оқу жылы	2021/22 оқужылы	2022/23оқу жылы
Бала саны	1129	1025	979
Толық емес отбасы	127	80	52
Аз қамтылған	187	75	109
Оралман	0	0	0
Жетім, қамқорлықта	7	5	3
Көп бала	255	180	154




Ата-анасынан айырылған және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет

2022-2023 оқу жылы бойынша М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде қамқоршылықта (қорғаншылық) – 5 бала, 5 қамқоршы бар. Оның ішінде жетім-3, ААҚҚ - 2 (1-патронаттық тәрбиеде) тәрбиеленуде.

«Жетім, қамқорлықтағы» оқушыға байланысты көрсеткіші:

уақыты көрсеткіші	2020/21оқу жылы	2021/22 оқу жылы	2022/23оқу жылы
Жетім және қамқорлықтағы жалпы бала саны	7	6	5
Мектепте оқитындар саны	7	5	3
Оқу орны бойынша саны/жеке мектеп	0	1	2
Балабақшада тәрбиеленуші	0	0	0



Мадалиева Зухра Бакытжановна 26.07.2008 ж.т. (патронаттық тәрбиеде) М.Арын атындағы ҚҚОМ 9-класс оқушысы, қамқоршысы Купекова Лаззат Аскербаевна. Тұрғылықты мекен-жайы Ақтөбе қ., Абай к., 5-4.

Асылбекқызы Айсұлу 31.08.2009 ж.т. (ата-анасы қайтыс болған) М.Арын атындағы ҚҚОМ 8-класс оқушысы, қамқоршысы Нурғалиев Кадырбек Алиханович (атасы). Тұрғылықты мекен-жайы Ақтөбе қ., Первомайская 1-4.

Амантурлы Сымбат Ерболатқызы 21.06.2005 ж.т. (ата-ана қамқорлығынсыз қалған) Мектебіміздің аумаға бойынша тіркелген, қамқоршысы Албакасова Алия Каршгаевна (нағашы апасы). Тұрғылықты мекен-жайы Ақтөбе қ., Қарғалы с., Набережная к.,9.

Булатбайқызы Ақбота 27.06.2006 ж.т. (Ата-анасы қайтыс болған) М.Арын атындағы ҚҚОМ 11-класс оқушысы;

Абатбай Даниял 18.06.2005 ж.т. (ата-анасы қайтыс болған) Мектебіміздің аумаға бойынша тіркелген.

Жыл бойына мектепте өткізілетін іс-шаралар мен акцияларға қамқорлықтағы (қорғаншылық) оқушылар қатыстырылып, бюджеттен қаржылай көмек беріліп (37 389 тг), мектеп асханасынан берілетін бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Жазғы демалыс уақытында балалар мектепшілік және қала сыртындағы демалыс лагеріне қатыстырылды.

Барлық балалалар «Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа жетпеген жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша үй кезегіне тіркелген, «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» АҚ-да тұрғын үй құрылыс жинақтарының салымы (жеке шоты) ашылған. Қамқоршыларының, жеке демеушілердің көмегімен балалардың жеке шоттары толықтырып отырады. Қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) 3 баланың жеке мүлігі (тұрғын үй) бар. Мүліктің сақталу актісі жасалынған. Жаңа жылдық шыршаға қамқорлықтағы (қамқоршылық) оқушылардың барлығы қатыстырылды.

Барлық қамқоршылардың үйлерін аралау кезінде қамқоршылармен және қамқоршылықтағы (қорғаншылық) оқушылармен әңгімелесіп, жағдайларын білдік. Айтарлықтай шағымдары жоқ, балалардың жағдайлары жақсы. Әр баланың өзінің бөлмелері, жататын орындары, оқу үстелдері бар.

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша республикалық «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары туралы мәлімет

2022-2023 оқу жылы бойынша Мектеп бюджетінен құжат тапсырған жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған, АӘК алатын отбасы балаларына және қамқоршылық кеңестің шешімімен қабылданған балаларға барлығы 160 оқушыға ақшалай әр балаға 37,389 теңге (отыз жеті мың үш жүз сексен тоғыз) ата-аналарының жеке есеп шоттарына аударылды.

2022 жылдың 30 тамыз күні «Мектепке жол» акциясы аясында Нұрсұлтан қаласы, «Самұрық қазынасы» ұйымдастыруымен мектебіміздің 1 класқа баратын 9 оқушыға (мектеп сүмкесі, оқу құралдар) берілді. 1 класс оқушысы Нағашыбай Санжарға, 8 класс оқушысы Медетов Ринатқа Алматы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен мектеп сүмкесі және оқу құралдар берілді. 8 «Г» класс оқушысы Мұхамбетияр Райымбекке мектеп сүмкесі берілді. 11 «В» класс оқушысы Нұрдаулетов Диястың ата-анасы 8 «Ә» класс оқушысы Сисен Нұршатқа демеушілік жасап мектеп сүмкесі мен толық оқу-құралдарымен қамтамасыз етті.

Жаңа жыл мерекесіне орай мектеп ұстаздарының демеушілігімен аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан 24 оқушыға, мектеп асханасын жалға алушы Г.А.Абилованың атынан 15 оқушыға және қалалық білім бөлімінің атынан 13 оқушыға мерекелік сыйлықтар таратылды.


2022 жылдың желтоқсан айында ҚР президентінің атынан ұймдастырылған мерекелік шараға мектебіміздің 6 «А» класс оқушысы Ғабит Арнұр (көп балалалы отбасы) және 8 «Ә» класс оқушысы Сисен Айшат (көп балалы, дарынды оқушы) қатыстырылып, ақшалай (100 мың теңге) көмек берілді.

Сонымен қатар Рамазан айында елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты (тұрғын үйлерінің суға кетуі) мектеп ұжымы өз отбасылары атынан берілетін пітір садақаларын жинап, 4 отбасыға оқу құралдары мен азық түлік түрінен 17.534 теңге (он жеті мың бес жүз отыз төрт) көмек көрсетілді. 8 «Б» класының ата-аналары Манас Ақтанға отбасының тұрғын үйлері суға кетуіне байланысты 20 000 теңге ақшалай көмек көрсетті. 1 «В» класс оқушысы Ақбалиев Жантөреге ата-аналары 12 000 теңге ақшалай көмек көрсетті.

Мектебіміздің ерекше жағдайда білім алып жүрген 3 класс оқушысы Панабеков Бауыржанның еміне 65 991 теңге (алпыс бес мың тоғыз жүз тоқсан бір) әжесінің есеп шотына аударылды. Сонымен қатар Қойшыбаева Аяулым қолайсыз отбасынан шыққан оқушы Медетов Ринатқа 10 000 теңге көлемінде азық-түлік түрінен көмек көрсетті. 7 «В» класс оқушысы толық емес отбасы баласы Ұлықпан Айшаға класс жетекшісі және ата-аналарының атынан спорттық киім түрінен көмек көрсетілді.

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша республикалық «Мектепке жол» акциясының көрсеткіші

	Мектеп бюджеті бойынша қамтылған оқушылар саны	Демеушілер атынан қамтылған оқушылар саны	Барлығы
2020-2021 оқу жылы	220 (5 547 156, 87т.)	129 (374 000 тг.)	349 (5 921 156,87т)
2021-2022 оқу жылы	115 (3 321 317, 67т.)	169 (602 210 тг.)	284 (3 923 527 67т.)
2022-2023 оқу жылы	160 (5 982 240 тг.)	77 (870 525 тг.)	237 (6 852 765 тг)



М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың мектеп асханасынан ыстық тамақпен тамақтану жағдайы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына 6-қосымшасы негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты бойынша 2022-2023 оқу жылына құжаттар жинақталып, ұйымдастырылды.

Мектепшілік тамақтандыру туралы 01.09.2022 ж. №177 бұйрығы негізінде 178 оқушының құжаттары жинақталып қыркүйек айынан бастап бір мезгіл тегін ыстық тамақпен тамақтанды. Жылдың соңында 184 оқушымен аяқталды. Мектеп асханасын жалға алушы Г.А.Абилованың есебінен 10 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен тамақтанды.

Мектеп директорының 12.09.2022 ж. № 183 бұйрығымен «Асхана жұмысын тексеретін комиссия құру туралы» және 12.09.2022ж. №183 бұйрығымен «Бракераждық комиссия құру туралы» комиссия құрылып ай сайын асхананың тазалығын, жұмысын бақылап және тамақтың сапасына мониторинг жасалынып, комиссия отырысында қаралып, тиісті шешімдер шығарылып, хаттама толтырылды.

Мектеп асханасын жалға алушы арендатор, жеке кәсіпкер - Г.А.Абилова. Мектеп асханасынан бір мезгіл тегін ыстық тамақ және буфеттік тамақ түрлері дайындалды. Арнайы шағым және ұсыныс дәптерлері мектеп асханасында ілінген.


Оқушылар тамақтану барысын әкімшілік кезекшілігі, әлеуметтік педагог және мектеп кезекшілері өзге тамақтанбайтын оқушылар кедергі келтірмеуін қадағалап, класс жетекшілер оқушыларын түгендеп отырады.

Жалпы оқушыларға тамақтанудың ережелері мен тәртібі, гигиеналық тазалық, тамақтану барысында оқушылардың бір – бірімен қарым – қатынас, дұрыс тамақтану, дәрумендердің пайдасы жайлы мектеп медикбесі мен

класс жетекшілер тарапынан екі апталық класс сағаттарында арнайы уақыт бөлініп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға және тағамдарды дайындап, сапасын бақылау және мектептің медицина қызметкерлері күн сайын санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасын қадағалап, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуі, дайын тағамның тәулік сынама алу санитарлық-эпидемиологиялық заң талаптарына сәйкес жүзеге асуын қадағалап отыратын мектеп медбикесі О.Ибрагимова.

Оқушылардың тамақтану жағдайы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Жалпы бала саны	1129	1025	979
Тамақтанған бала саны	0	128	184
1-4 класс	0	58	66
5-8 класс	0	59	88
9-11 класс	0	12	30
Арендатор есебінен	0	4	10



М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру жағдайы

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 15-оқушыға жазғы демалыс лагеріне жолдама берілу жоспарлануда. Мектеп жанынан

ұйымдастылатын жазғы демеліс лагері мектептің күрделі жұмыс жүргізілуіне байланысты осы оқу жылында ұйымдастырлмады.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылының тамыз айында жұмыс жоспары дайындалып, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, бірлескен жоспар құралып төмендегі жұмыстар жасалды.

Тамыз айында Республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізіліп, шұғыл көмек ететін көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балалары мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек ұйымдастырылды.

Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін ыстық тамақпен қамту үшін құжаттары жинақталды.

Мектепке келген балаларға әлеуметтік диагностика жасалынды, тұрмыс жағдайлары зерттеліп, мәліметтері жинақталды.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы, картотекасы жасалынып, Ақтөбе қалалық білім бөліміне есебі тапсырылды.

Әлеуметтік педагог мектеп медбикесімен бірлесіп, оқушылардың тамақтану жағдайы, денсаулық жағдайына байланысты жоспарға сәйкес «Дұрыс тамақтану ережелері» түсіндірме жұмыстар, «Тамақтану ата-аналардың көзімен», «Тамақтану оқушылардың көзімен» атты сауаланама алынып, оқушылармен тығыз байланыста болды.

Жоспарға сай мектебімізде жылдың басынан «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, көмекті қажет ететін отбасыларға киім-кишектей, оқу құралдай, азық-түлік т.б. көмек көрсетілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай жекелеген санаттарына байланысты мектеп оқушылары Президенттік шыршаларға қатыстырылды.

Әлеуметтік педагог жоспарлаған бағдарламасы бойынша жұмысы жүргізіліп, қорытындысы жасалынып отырылады. Тәрбие бөлімімен, класс жетекшілер, психолог, ата-аналармен оқушылардың жағдайы жақсы жағынан көрінуіне бақылау жасалынып отырылды. Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы толық зерттеліп, бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіліп, қалалық білім бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасалынды, есебі уақытылы тапсырылып отырылды. Мектеп тарапынан бөлінген қаражат уақытылы жұмсалды. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізілді.